

**Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 сәуір тіркелді. Тіркеу N 1124. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 20 маусымдағы N 385 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.06.20 N 385 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-1-тармағына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп т а н ы л с ы н .*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
А у ы л                                    ш а р у а ш ы л ы ғ ы                                    м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 8                                    ж ы л ғ ы                                    2 0                                    м а у с ы м д а ғ ы  
N 385 бұйрығына қосымша*

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі*

*1. "Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау бойынша қызметті лицензиялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2000 жылғы 4 сәуірдегі N 97 бұйрығы ( Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 29 сәуірде N 1 1 2 4                                    т і р к е л д і ) ;*

*2 .                                    .                                    .                                    .                                    .                                    ;*

*3 .                                    .                                    .                                    .                                    .                                    ;*

*4 .                                    .                                    .                                    .                                    .                                    ;*

*5 .                                    .                                    .                                    .                                    .                                    ;*

*6 .                                    .                                    .                                    .                                    .                                    .*

-----

*Ескерту: Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен .*

"Элеваторларда астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың жекелеген мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 ақпандағы N 273 қаулысына сәйкес

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса беріліп отырған Элеваторларда астық пен оны қайта өңдеу өнімдерін қабылдау, сақтау, өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелері б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Ауыл шаруашылығы министрлігі  
2000 жылғы 4 сәуірдегі N 97

бұйрығымен бекітілген

**Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті лицензиялаудың Ережелері**

*Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен .*

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметті іске асыруға арналған бас лицензия беру, қайтарып алу, олардың қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату және қайтадан бастау тәртібі мен шарттарын б е л г і л е й д і .

*Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен , 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен .*

2. Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияны алушыға (Лицензиатқа) лицензияны беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, қайтадан бастау және тоқтату, лицензияны соттан тыс қайтарып алу тиісті облыстың жергілікті атқарушы органымен (бұдан әрі - Лицензиар) жүргізіледі.

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .*

2-1. Уәкілетті органның мемлекеттік астық инспекторы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес астықты сақтау бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тоқтата тұру және (немесе)

қайтарып алу туралы Лицензиарға ұсыныс енгізеді.

*Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .*

3. Астықты сақтау жүзеге асырылатын меншік құқығында астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары лицензиялау субъектілері болып табылады.

*Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен .*

4. Егер заң шығарушы актілерде басқаша көзделген болмаса, лицензиялар иеліктен алынбайды, яғни Лицензиатор және заңды тұлғаларға бермейді.

*Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен .*

5. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) астық қабылдау кәсіпорны - астық сақтау жүзеге асырылатын меншік құқығындағы астық қоймасы (элеватор, астық қабылдау пункті) бар заңды тұлға;

2) астықты сақтау - астық қоймасында (элеваторда, астық қабылдау пунктінде) жүзеге асырылатын, астық қабылдауды, өлшеуді, кептіруді, тазартуды, сақтауды және тиеп жөнелтуді қамтитын қызмет көрсетулердің технологиялық к е ш е н і ;

2-1) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі ;

3) астықты қабылдау бойынша қызмет көрсету - астықтың астық сақтау қоймасына келіп түсуі, партияларды қалыптастыру және тиімді орналастыру кезіндегі астықтың көлемі мен сапасын анықтау бойынша, сонымен бірге дербес шоты бойынша астықты есептеу іс-шаралары;

4) астықты өлшеу бойынша қызмет көрсету - таразыда астықтың салмағын а н ы қ т а у ;

5) астықты кептіру бойынша қызмет көрсету - астық ылғалдылығын төмендетуге бағытталған технологиялық операциялар жиынтығы;

6) астықты тазарту бойынша қызмет көрсету - астықта бар қоспаларды бөлу жөніндегі технологиялық операциялардың жиынтығы;

7) астықты сақтау бойынша қызмет көрсету - астықтың санды-сапалы сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі технологиялық операциялар жиынтығы астық сақтау қоймаларында астықтың сапасы мен жағдайын бақылау жөніндегі і с - ш а р а л а р ;

8) астықты тиеп жөнелту бойынша қызмет көрсету - астықты жіберу жөніндегі технологиялық операциялардың жиынтығы.

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл*

шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен , 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен , 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .

## **2. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі**

6. Лицензиар, біліктілік деңгейі "Астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 ақпандағы N 273 қаулысымен белгіленген талаптарға сай келетін барлық тұлғалар үшін тең негізде және жағдайда лицензиялар беруді жүзеге асырады.

*Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен .*

7. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары лицензия алу үшін Лицензиарға мынадай құжаттар береді:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу куәлігінің нотариалдық расталған көшірмесі ;
- 3) лицензиялық алымды төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем құжатының көшірмесі ;
- 4) алынып тасталды ;
- 5) астық қабылдау кәсіпорнының мүліктік кешеніне меншік құқығын тіркеу туралы куәліктің нотариалдық расталған көшірмесі.

*Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің 2000 жылғы 21 маусымдағы N 167 бұйрығымен , 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен , 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен , 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .*

7-1. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы "Астық туралы" Заңының 25, 28, 29, 31 баптарына сәйкес лицензия беру кезінде мәлімдеуші заңнамалық актілермен белгіленген жағдайларда уақытша басқаруды кіргізу мүмкіндігі және астық қабылдайтын кәсіпорындарды басқару жөніндегі құрылтайшылардың құқығын шектеу жайлы хабарландырылуға (таныстырылуға) жатады. Хабарландыру Лицензиардың берілген хабарламалар журналында тіркеледі және мәлімдеушіге жазбаша қол қойылып беріледі.

*Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен .*

8. Лицензия, егер заң шығарушы актілер басқа мерзім белгілемесе ("Лицензиялау туралы" ҚРЗ 17-бап), барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бір ай мерзімнен кешікпей беріледі.

9. Астықты сақтау бойынша лицензияда астық сақтау қоймасының (элеватордың, астық қабылдау кәсіпорнының) орналасқан жері көрсетіледі.

*Ескерту: 9-тармақ өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен, 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен.*

9-1. Лицензиат лицензия алған кезде осы Ережедегі 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық қолхатына қол қоюға уәкілетті адамдардың аты-жөні және әкесінің аты жазылған, олардың қойылған қолдарының үлгілері, сондай-ақ астық қолхатына қойылған мөрдің бедер-таңбасының үлгісі бар карточканы нотариалды растап Лицензиарға табыс етеді.

*Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен.*

10. Мынадай негіздер бойынша лицензия беруден бас тартылуы мүмкін:  
заң шығарушы актілер осы санаттағы субъектілер үшін астық пен оны сақтау бойынша қызметті жүзеге асыруға тыйым салуы;  
осы Ережелердің 7-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесімен  
б е р і л м е у і ;

қызметтің осы түрімен шұғылдану құқығы үшін алым төлемеу;  
өтініш беруші "Астықты астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау жөніндегі"  
" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 ақпандағы N 273  
қаулысымен белгіленген біліктілік талаптарына сай келмейді;  
өтініш берушіге қызметтің осы түрімен шұғылдануға тыйым салған, ол  
ж а й ы н д а с о т т ы ң ш е ш і м і б а р ;

кәсіпорын Жарғысының қызмет түрлері бөлігінде "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының талаптарына сәйкес келмеуі.

Өтініш иесі аталған кедергілерді жойғанда өтініш жалпы негізде қаралады.

*Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен, 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен, 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен.*

11. Лицензия беруден бас тарту туралы шешім жөнінде, өтініш беруші сотқа шағым ете алады.

12. Заңды тұлғаны тіркеу, сол сияқты мекен-жайы және басқа банктік деректемелер өзгертілген жағдайда 10 күн мерзімде Лицензиат бұл туралы Лицензиарға хабарлауға міндетті.

12-1. Заңды тұлғаның атауы немесе ұйымдастыру-құқықтық нысаны өзгертілген жағдайда ол бір ай ішінде мынадай қосымша құжаттарымен лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті:

1) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің нотариалдық  
р а с т а л ғ а н к ө ш і р м е с і ;

2) лицензиялық алымды төлегендігі туралы түбіртек немесе төлем құжатының көшірмесі;

3) лицензияның түпнұсқасы.

*Ескерту: 12-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен, 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

13. Лицензия сот тәртібімен қайтарылып алынуы мүмкін:

- 1) біліктілік талаптарды Лицензиат бұзғанда;
- 2) Лицензиаттың өзі жүзеге асыруға лицензия алған қызмет түрімен айналысуына сот тиым салғанда;
- 3) Лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаса;
- 4) Лицензия алған кезде Лицензиат көрнеу жалған ақпарат берген жағдайларда.

*Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен.*

14. Лицензияны қайтарып алуды ұсыну Лицензиардың шешімімен құрылған комиссиямен астық қабылдау кәсіпорынын тексерудің негізінде жүзеге асырылады. Лицензия қайтып алынған жағдайда Лицензиат ресми хабарлауды алғаннан бастап он күн ішінде лицензияны Лицензиарға қайтарады.

*Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

14-1. Лицензиат лицензиядан жазбаша түрде бас тартқан жағдайда соттан тыс тәртіппен лицензия кері қайтарып алынады. Лицензияның соттан тыс тәртіппен кері қайтарып алынуы Лицензиардың шешімімен жүзеге асырылады.

*Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен, 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

15. Лицензияның әрекетін тоқтату Лицензиардың шешімімен: лицензияны қайтарып алу туралы сот шешімінің; заңды тұлғаның жойылуы немесе қайта құрылуының негізінде жүргізіледі; Лицензияның әрекетін тоқтату туралы Лицензиар шешімінің көшірмесі Лицензиатқа жіберіледі.

Лицензияның әрекетін тоқтату туралы бұйрықтың көшірмесі Лицензиарға және Лицензиатқа жіберіледі.

*Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен, 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен, 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

15-1. Егер астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару астық жөніндегі қолхат міндеттемесін орындау қабілеттілігін қалпына келтірмеген жағдайда, уәкілетті орган лицензияны қайтып алу туралы Лицензиарға ұсыныс енгізеді және астық қабылдау кәсіпорынын жоюды бастауы мүмкін.

*Ескерту: 15-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен, 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

16. Лицензиялық алым мөлшері мен оған төлем жүргізу тәртібі заңдарда белгіленеді.

17. Лицензияны қолдануды тоқтатуға байланысты дауларды соттар шешеді.

18. Лицензиар заңнамада белгіленген тәртіппен тоқтата тұру себебін көрсете отырып, лицензияның әрекетін тоқтата тұруға құқығы бар. Лицензияның әрекетін тоқтата тұру астық қабылдау кәсіпорынын тексеру қорытындысының негізінде жүргізіледі. Лицензияның әрекетін тоқтату туралы Лицензиар шешімінің көшірмесі жеті календарлық күннен көп емес мерзімде Лицензиатқа жіберіледі.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының күшін тоқтата тұруды Лицензиардың өтініші бойынша сот жүргізеді.

Шағын кәсіпкерлік субъектісі лицензиясының күшін тоқтата тұру туралы өтінішті Лицензиар Қазақстан Республикасының заңдық актілері негізінде белгіленген тәртіппен сотқа жолдайды.

*Ескерту: 18-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

18-1. Астық сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтас алғанда немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру:

1) астық қолхатынан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны;  
2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген фитосанитариялық ережелер мен нормаларды бұзғаны;

3) нормативтік құқықтық актілерді бұзғаны не уәкілетті органның жазбаша нұсқамаларын орындамағаны;

4) астық қабылдау кәсіпорындары үшін шектелген қызметті жүзеге асырғаны;

5) астық қолхаттарын ұстаушылардың өтініштері бойынша, астықты қабылдау және түсіру-тиеу кезінде және олар құжаттамамен расталған жағдайда астықтың саны мен сапасының көрсеткіштерін үнемі бұрмалау фактілерінің анықталғаны (кейінгі күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет);

6) жыл сайынғы міндетті аудит өткізу туралы талаптарды орындамағаны үшін жүргізіледі.

*Ескерту: 18-1-тармақпен толықтырылды, өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен , 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен .*

19. Лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы шешім жөнінде Лицензиат сотқа шағым етуге құқылы.

20. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы мәселені қарау тексерістің нәтижелері бойынша лицензиаттың қатысуымен жүргізіледі.

21. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы мәселенің қаралатын күні мен орыны туралы Лицензиаттың өзіне қолын қойдырып немесе пошта арқылы хабарламамен (ескерту хатымен) құлақтандырылады.

22. Лицензиат келмей қалған жағдайда лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы шешім оның қатысуынсыз қабылданады.

23. Лицензияның қолданылу күші тоқтатылған жағдайда Лицензиат анықталған бұрмалаушылықты жояды, осыдан соң Лицензиардың жазбаша хабарламасы бойынша лицензияның қолданылу күші жаңартылуы мүмкін.

Лицензияның қолданылу күшін тоқтату жөнінде жазбаша хабарлама алғаннан кейінгі Лицензиаттың іс-әрекеті заңсыз болып есептелінеді және заңдарда белгіленген жауапкершілікке тартылады.

*Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .*

24. Лицензияның қолданылу күші тоқтатылған себептер жойылғаннан кейін Лицензиармен, заңды бұзу анықталып жойылғанын растау құжаттарының негізінде алып лицензияны қолдану жаңғыртылады.

*Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен , 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен , 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .*

25. Лицензия жоғалған жағдайда Лицензиат көшірме алуға құқылы. Лицензиаттың өтініші бойынша, қосымша ақы алмай, он күн ішінде Лицензиар көшірмені береді. Сонымен бірге Лицензиат астық қабылдау кәсіпорындарында астықты сақтау жөніндегі қызметпен шұғылдану құқығы үшін алым төлейді.

*Ескерту: 25-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен .*

### **3. Есеп және бақылау**

26. Астық сақтау жөніндегі қызметті тиісті лицензиясыз немесе лицензиялық нормалар мен тәртіптерді бұзып жүзеге асыру заңдарда белгіленген жауапқа т а р т у ғ а с е б е п б о л а д ы .

*Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен .*



27. Лицензия бланкілері қатаң есептілік құжаттары болып табылады. Лицензия бланкілерін берудің есебі арнайы журналда жүргізіледі.

28. Біліктілік талаптарының және осы Ережелердің сақталуын тексеруді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Лицензиар жүргізеді.

29. Лицензия берген Лицензиар өз құзыреті шегінде Лицензиаттардан тиісті құжаттарды талап етуге және бақылау функцияларын орындауға қажетті ақпарат алуға құқылы.

29-1. Лицензиаттың біліктілік талаптарға сәйкестігін растау үшін Лицензиат жыл сайын астық қабылдау кәсіпорнының жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы тексеріледі. Соның қорытындысы бойынша астық қабылдау кәсіпорнының біліктілік талаптарына сәйкестігі және жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығы нысанасына осы Ережедегі 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеу актісі (бұдан әрі - зерттеу актісі) жасалады. Астық қабылдау кәсіпорнының біліктілік талаптарға сәйкестігін және жаңа егіннің астығын қабылдауға дайындығын тексеру кестесі және комиссия құрамы жыл сайын Лицензиардың шешімімен бекітіледі. Көрсетілген тексеру мерзіміне үш айдан кем емес уақытта кесте Лицензиарға жеткізіледі. Ретті түрде ресімделген зерттеу актісі Лицензиарға жіберіледі, ол құжаттың түскен уақытынан бастап отыз календарлық күннен көп емес мерзімде лицензияны растау туралы шешім қабылдайды.

Лицензияны растаудан бас тарту оның әрекетін тоқтата тұру үшін негіз болады.

*Ескерту: 29-1-тармақпен толықтырылды, жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен, 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 4 бұйрығымен, 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен, 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен.*

29-2. Лицензиат статистикалық мемлекеттік органдарының келісімі бойынша Лицензиар белгілеген үлгілері мен мерзімдері жөніндегі біліктілік талаптарын сақтау мәселелері жөніндегі есептерді тапсыруға міндетті.

*Ескерту: 29-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен.*

30. Лицензиар астық қабылдайтын кәсіпорындарда астықты сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялардың бірыңғай реестрін жүргізеді. Оған лицензияларды беру, олардың қимылын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы барлық мәліметтер кіргізіледі.

*Ескерту: 30-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 150 бұйрығымен.*

Астық қабылдау кәсіпорындарында  
астықты сақтау бойынша қызметті  
лицензиялаудың ережесіне

1-қосымша

*Ескерту: Қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің  
2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен .*

**Карточка**

\_\_\_\_\_ (астық қабылдау кәсіпорнының атауы, орналасқан жері)

\_\_\_\_\_ (астық қолхатына қол қоюға уәкілетті адамдардың аты-жөні және әкесінің аты)

Қойылған қолдарының үлгілері және мөрдiң бедер-таңбасы

\_\_\_\_\_ (аты-жөні және әкесінің аты, лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні және әкесінің аты, лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні және әкесінің аты, лауазымы) \_\_\_\_\_ (қолы)

М.О.

Астық қабылдау кәсіпорындарында  
астықты сақтау бойынша қызметті  
лицензиялаудың ережесіне

2-қосымша

*Ескерту: Қосымшамен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылық министрінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 484 бұйрығымен , 2006 жылғы 3 ақпандағы N 67 бұйрығымен .*

**Астық қабылдау кәсіпорнының біліктілік талаптарға сәйкестігін және 200\_\_ жылғы егіннің астығын қабылдауға дайындығын зерттеу**

**Актісі**

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Астық қабылдау кәсіпорнының атауы

М ы н а \_\_\_\_\_ құ р а м д а ғ ы \_\_\_\_\_ к о м и с с и я :

Төраға: Лицензиардың өкілі \_\_\_\_\_

К о м и с с и я \_\_\_\_\_ м ү ш е л е р і :

Астық қабылдау кәсіпорнының басшысы \_\_\_\_\_  
 Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет  
 органының өкілі \_\_\_\_\_  
 Қоршаған ортаны қорғау саласы органының өкілі \_\_\_\_\_  
 ҚР АШМ АБ Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша инспектор \_\_\_\_\_  
 кәсіпорынның 200\_\_ жылғы егіннің астығын қабылдауға дайындығына  
 т е к с е р у жү р г і з д і .

Тексерумен анықталды:

1. Ғимараттардың, құрылыстардың және құрал жабдықтардың дайындығы

Объект	Өлшем бірлігі	01.01.200__	Дайындығы
		жылғы қолда	туралы
		бары	мәлімет
Астық қоймасының сыйымдылығы		мың	тонна
оның ішінде: элеваторлық		мың	тонна
пайдалануға жоспарланғаны		мың	тонна
оның ішінде: қоймалық		мың	тонна
пайдалануға жоспарланғаны		мың	тонна
оның ішінде	тұқым		сақтауға
арналған қоймалық		мың	тонна
Астық кептіргіштер			штук/тонна
		1	сағатта
Асфальтталған алаңдар		мың	м <sup>2</sup>
Автомобиль түсіргіштер			штук
Астық тазалау машиналары			штук
Жылжымалы тасымалдау жабдықтары			штук
Автомобиль таразылары			штук
Вагон таразылары			штук
Астық температурасын			бақылайтын
арақашықтық қондырғылар			комплект
Белсенді желдету			үшін
желдеткіштер			штук

м<sup>2</sup> - шаршы метр

2. Зертханалардың және зертханалық құрал жабдықтардың дайындығы

Объект	Өлшем бірлігі	01.01.	Дайын.	Дайын
--------	---------------	--------	--------	-------

	200_жылғы далғыны емесі
	қ о л д а
	б а р ы

Зертхана	штук
Сынақ алғыштар	штук
Ылғал өлшегіштер	штук
Кептіргіш шкафтар	штук
Өлшегіштер	штук
Дән маңызын анықтау үшін жуатын жабдықтар	штук
Зертханалық таразылар	штук
Дән ұнтау үшін диірмендер	штук
Елеуіштер комплектісі	штук

### 3. Іс шаралардың орындалысы

Талаптар	Орындалысы (керек емесін сызу керек)	Растайтын құжатты беру мерзімі
Экологиялық талаптары	бақылаудың Орындалды	Орындалмады
Санитарлық талаптары	бақылаудың Орындалды	Орындалмады
Өсімдіктерді карантин бойынша талаптары	қорғау және Орындалды	Орындалмады
Зертханада жай-күйін куәліктің бар болуы	өлшемдердің бағалау туралы Бар	Жоқ
Қозғалмайтын тіркеу тұлғалардың бойынша қойылмағаны	мүлікке берген, үшінші міндеттемелері кепілге мүліктің анықтама	Бар Жоқ
Жылдық сайынғы жүргізуді	қаржылық аудиторлық есепке жыл тексеру	Орындалды Орындалмады
Жылдық	балансты және пайда	

мен залал туралы есепті жариялауды талап ету Орындалды Орындалмады

4. Карантин, зиянды және өте қауіпті зиянкес организмдерді залалсыздандыру жөніндегі жұмыстар бойынша іс шаралар

Объект	Өлшем бірлігі	Іс шаралар	Фирманың атауы,  лицензияның N __
Силос корпусы	м <sup>2</sup>	(м <sup>3</sup> )	
Астық қоймалары	м <sup>2</sup>	(м <sup>3</sup> )	
Технологиялық жабдықтар		штук	
Жер алаңдары		м <sup>2</sup>	
м <sup>2</sup>	-	шаршы	метр
м <sup>3</sup>	-	текше метр	

5. Кадрлармен қамтамасыз етілуі

Мамандықтың атауы	Қажет	Бары	Білімі
Аға лаборант			
Лаборант			
Сынақ алушы			
Таразышы			
Астық кептіруші			
Автомобиль аудару құралдарының маманы			
Айыру жабдықтарының маманы			
Тасымалдау құралдарының маманы			
Слесарь			
Электр монтеры			
Жұмыскер			

Астық қабылдаушы кәсіпорнының біліктілік талаптарды сақтауы жөнінде комиссия қорытындысы

таалаптарға сай келеді (сай келмейді) астық қабылдау кәсіпорны біліктілік

---

---

---

Т ө р а ғ а :

Лицензиардың өкілі \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

Санитарлы-эпидемиологиялық қызмет  
органының өкілі \_\_\_\_\_

Қоршаған ортаны қорғау саласы  
органының өкілі \_\_\_\_\_

ҚР АШМ АБ Өсімдіктерді қорғау және  
карантин бойынша инспектор \_\_\_\_\_

Астық қабылдау кәсіпорнының басшысы \_\_\_\_\_